

*№6 Хромтау гимназиясында қарттар күніне орай өткізілген іс-шаралар туралы мәлімет*

Қарттар күнінде «Ардагерлер ардақты» деген ұранмен барлық сыныптарда сынып сағаттар кездесулер, сыр-сұхбат, әңгіме түрлерінде өтті. Мерекеге білім алушылар өздерінің ата-әжелерін шақырды. 5ә сыныбында оқушыларды адамгершілікке, қайырымдылыққа, жақсы үлгі өнеге, үлкенді



сыйлау, кішіге қамқор болу қасиеттеріне, мейірімділікке, қарияларды құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «Қарты бар ел-қазыналы ел» тақырыбында сыныптан тыс шара өтті. Аталған шараға бес әже Мухамбетова Шара, Минасарова Нұрғаным, Биржанова Ғалия, Шудебаева Клара, Ахметова Күлпаршын қатысты.



7 сыныпта оқушы бойына халқымыздың асыл қадір-қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтау үшін және салт-дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, мейірімділікке, жаман мен жақсыны ажырата білуге, аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу мақсатында «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік кездесу болып өтті. Кездесуде Есказина Несібелі, Мұстафева Қазына әжелер балаларға көптеген кеңестерін берді.



6ә сыныбында «Қариясы бар үйдің-қазынасы бар» атты сыныптан тыс шара өтті. Аталаған шараға қатысқан қариялар Нағыметов Сейтхан, Айтжанова Айсұлу балаларға ақ баталарын беріп, көптеген кеңестер берді.

9 сыныпта «Қарты бар елдің-қазынасы бар» тақырыбында сыр-сұхбат кеші болып өтті.

1қазан күні бастауыш сынып білім алушылары да ардагерлермен кездесіп, мерекелік сазды бағдарлама ұсынды.

Орындаған: Жасағанбергенова Б.И

